

Әкімшілік жауапкершіліктің ерекшелігі мен мақсаты

1. Заңды жауапкершілік түсінігі мен түрлері
2. Әкімшілік жауапкершілік мақсаты мен мәні
3. Әкімшілік жауапкершілік құрылымы
4. Әкімшілік жауапкершілік негізі
5. Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар
6. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату

Заңды жауапкершілік түсінігі мен түрлері

Заңды жауапкершілік – бұл құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға заңнамамен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолдану



Заңды жауапкершіліктің төмендегідей түрлері болады

қылмыстық— тек қылмыстар үшін қолданылады; ешкім де сот шешімінсіз қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылмауы және қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы тиіс. Қылмыстық жазалау шаралары—кінәлінің тұлғасына бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатаң нысандары – бас бостандығынан айыру, өлім жазасы

азаматтық – мүліктік сипаттағы шарттық міндеттемелерді бұзу және шарттан тыс мүліктік зиян келтіру үшін туындайды. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізгі қазидаты – зиянды толығымен өтеу

Заңды жауапкершіліктің төмендегідей түрлері болады

тәртіптік – еңбек, оқу, қызметтік, әскери тәртіпті бұзу үшін қолданылады. Тәртіптік жауапкершілік шаралары – сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыстан шығару

әкімшілік – әкімшілік теріс қылықтарды жасағаны үшін туындайды және айыптұл, арнайы құқығынан айыру және т.б. сияқты шаралар

материалдық – қызметкерлер мен жұмысшылардың өз қызметтік міндеттерін орындауы барысында кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға келтірген зияны

Әкімшілік жауапкершілік мақсаты мен мәні

Әкімшілік жауапкершілік – бұл әкімшілік құқықтық мәжбүрлеу. Бұл құқық бұзушыға кері моральдық (ескерту), материалдық (айыппұл), жекелік (әкімшілік қамақ) құқықтық салдардың тууы

Әкімшілік жауапкершіліктің мақсаты – құқық бұзушыға тәрбиелік, заңды құрметтеу, әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаға да, басқа адамдарға да болашақта орын алуы мүмкін әкімшілік құқықбұзушылықты болдырмау нысанында болады.


Әкімшілік жауапкершілікке төменде көрсетілгендей жалпы сипат тән:

1-ден, жалпыға тән тәртіп, оны сақтамау әкімшілік жауапкершілікті туғызады;


2-ден, әкімшілік жауапкершілік уәкілетті органның көрсетуімен мемлекет алдында туындайды.

3-ден, әкімшілік жауапкершілікті материалдық және процессуалдық жүйеде қарастырылады, себебі, оның туындауы мен жүзеге асырылуы нақты құқықтық норма шегінде жүргізіледі.





Әкімшілік жауапкершілік құрылымы



Әкімшілік жауапкершілік негізі

Әкімшілік жауапкершілік негізі болып әкімшілік құқық бұзушылық, кейін келе екіге бөлінді:

құқықтық негізі – құқықтық нормаларда көрсетілген ереже

жекелік негіз – құқық бұзушылықты жасау;

жекелік негіздің өзі үшке бөлінеді:

кінәлі әрекет;

әкімшілік кінәлі әрекет құрамы;

жазаға тарту тәртібі.

Кейбір әдебиеттерде әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін екі негіздің болуы маңызды.

Кейін келе, әкімшілік жауапкершілік негіздің мылай қарастыруда:

жекелік негіз – құқық бұзушылықты жасау;

құқықтық негізі – әкімшілік кінәлі әрекет құрамы



*Әкімшілік жауаптылықты
болғызбайтын мән-жайлар*

қажетті қорғану

*қолсұғушылық
жасаған адамды
ұстап алу*

аса қажеттілік

*күштеп немесе
психикалық
мәжбүрлеу*

*бұйрықты немесе
өкімді орындау*

Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату

*Ескіру мерзімінің өтуіне
байланысты әкімшілік
жауаптылықтан босату*

*Әкімшілік жауаптылықтан
және әкімшілік жазадан
рақымшылық жасау актісі
негізінде босату*

*Әкімшілік жауаптылықтан
тараптардың
татуласуына байланысты
босату*